



## Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы және Сайрам аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қазандағы N 903 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының және облыс әкімдігінің Сайрам ауданы Қайнарбұлақ ауылдық округі Шұбарсу саяжайы массивінен берілетін 267 гектар жерді Ордабасы ауданының шекарасына қосу және Ордабасы ауданы Бадам ауылдық округінен берілетін 264,65 гектар жерді Сайрам ауданының шекарасына қосу жолымен Ордабасы және Сайрам аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*